

"Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 366 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы
2000 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2006 жылғы 25 қаңтарда Санкт-Петербургте жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы
10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
ХАТТАМА

Бұдан әрі Уағдаласуши Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы,

2006 жылғы 25 қаңтардағы Өзбекстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылуы туралы хаттаманы на з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шарттың 19-бабын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы 2000 жылғы 10 қазанды шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Шарттың 13-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекетаралық Кеңес "мұдделі Уағдаласуши Тараптың дауысын алып тастағандағы консенсус" қағидаты бойынша қабылданатын мүшелікті тоқтата тұру туралы немесе Қоғамдастық мүшелігінен шығару туралы шешімдерді қоспағанда, барлық шешімдерді консенсуспен қабылдайды.

2. Интеграциялық Комитетте шешімдер 2/3 көшілік дауыспен қабылданады. Егер шешімдерді қабылдауға бес Уағдаласуши Тарап дауыс берген жағдайда, бірақ бұл ретте ол 2/3 көшілік дауысты жинамаса, онда мәселе Мемлекетаралық Кеңестің қарауына беріледі. Әрбір Уағдаласуши Тараптар дауыстарының саны оның ЕурАЗЭҚ органдарын ұстауға, Қоғамдастық органдарының және ЕурАЗЭҚ жаңындағы Тұрақты өкілдер комиссиясының мәжілістерін өткізуі қаржыландыруға арналған Қоғамдастықтың бюджетіндегі үлестік жарнасына сәйкес келеді және:

Беларусь	Республикасы	-	15	дауысты;
Қазақстан	Республикасы	-	15	дауысты;
Қыргыз	Республикасы	-	7,5	дауысты;
Ресей	Федерациясы	-	40	дауысты;
Тәжікстан	Республикасы	-	7,5	дауысты;
Өзбекстан	Республикасы	-	15	дауысты құрайды".

2. Шарттың 15-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. ЕурАЗЭҚ органдарының қызметін қаржыландыру Қоғамдастық бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қоғамдастықтың кезекті қаржы жылына арналған бюджеттің мүше мемлекеттердің келісімі бойынша ЕурАЗЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы әзірлейді, белгіленген тәртіппен қаралады және Мемлекетаралық кеңес бекітеді.

Қоғамдастықтың бюджетінде тапшылық болуы мүмкін емес.

2. Қоғамдастықтың бюджеті:

1) Қоғамдастықтың органдарын ұстауға, Қоғамдастық органдарының және ЕурАЗЭҚ жаңындағы Тұрақты өкілдер комиссиясының мәжілістерін өткізуі қаржыландыруға арналған үлестік жарналар:

Беларусь	Республикасы	-	15	%;
Қазақстан	Республикасы	-	15	%;
Қыргыз	Республикасы	-	7,5	%;
Ресей	Федерациясы	-	40	%;
Тәжікстан	Республикасы	-	7,5	%;
Өзбекстан	Республикасы	-	15	%;

2) әрбір бағдарлама бойынша Мемлекетаралық кеңестің шешімдеріне сай, Уағдаласуши Тараптардың қатысу дәрежесіне сәйкес келетін үйлесімде

Мемлекетаралық кеңестің шешімдерімен айқындалатын ЕурАЗЭК-тың мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларын және өзге де іс-шараларды қаржыландыруға арналған Уағдаласуши Тараптардың жарналары есебінен қалыптасады.

3. Қоғамдастық бюджетінің қаражаты:

Қоғамдастықтың органдарын ұстауға;

Қоғамдастық органдарының және ЕурАЗЭК жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясының мәжілістерін өткізуді қаржыландыруға;

ЕурАЗЭК-тың мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларын қаржыландыруға;

ЕурАЗЭК-тың мақсаттары және міндеттеріне қайшы келмейтін Мемлекетаралық кеңес бекітетін өзге де іс-шараларға жүмсалады.

4. Егер Уағдаласуши Тараптардың бірінің ЕурАЗЭК бюджетінің алдындағы үлестік жарналары бойынша қарызы оның жылдық үлестік жарнасына балама сомадан асқан жағдайда, ол қарызын толық өтегенге дейін Мемлекетаралық кеңестің шешімімен Қоғамдастық органдарында дауыс беру құқығынан айрылуы мүмкін. Оған тиесілі дауыстар қалған Уағдаласуши Тараптар арасында олардың ЕурАЗЭК органдарын ұстауға және Қоғамдастық органдарының және ЕурАЗЭК жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясының мәжілістерін өткізуді қаржыландыруға арналған Қоғамдастық бюджетіндегі үлестік жарналарына үйлесімде бөлінеді".

2-бап

Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3-бап

Осы Хаттама Уағдаласуши Тараптардың ратификациялауына жатады және депозитарий болып табылатын ЕурАЗЭК Интеграциялық Комитетіне оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

4-бап

Осы Хаттама БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелуге тиіс.

2006 жылғы 25 қантарда Санкт-Петербург қаласында беларусь, қазақ, қырғыз, орыс, тәжік және өзбек тілдерінде бір данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың мәтіні бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Уағдаласуши Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін Уағдаласуши Тараптарға жіберетін ЕурАЗЭК Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін
Өзбекстан Республикасы үшін
Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы
ШАРТ

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы,

өз халықтарының тұрмыс деңгейін арттыру үшін экономикалық әлеуеттерін тиімді пайдаланатын жағдайда жүргізілетін әлеуметтік-экономикалық жаңартуларды келісу арқылы өздерінің серпінді түрде дамуын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

өзара интеграция процестерін дамыту және түрлі салалардағы ынтымақтастықты тереңдеп мақсатында өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бекем бел байлан,

әлемдік экономика мен халықаралық сауда жүйесіне кірігу кезінде көзқарастарды үйлестіру қажеттігін пайымдай отырып,

1995 жылғы 6 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы Кеден одағы туралы келісімге, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімге, 1996 жылғы 29 наурыздағы Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдеп туралы шартқа және 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңестік туралы шартқа сәйкес өздері қабылдаған міндеттемелерді толық деңгейде орындауға дайын екендіктерін білдіре отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының қағидаттарына, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы жүрт таныған қағидаттары мен нормаларына өздерінің адалдықтарын құраттай отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1 - б а п

Халықаралық үйымды құру

Осымен Уағдаласушы Тараптар "Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы" халықаралық үйымын (бұдан әрі - ЕурАЗЭҚ немесе Қоғамдастық) құрады.

ЕурАЗЭҚ-тың осы Шарттың ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Тараптар оған өз еріктерімен берген өкілеттіктері болады. Уағдаласушы Тараптар халықаралық құқықтың егеменді және тең құқықты субъектілері болып қалады.

2 - б а п

Мақсаттары мен міндеттері

ЕурАЗЭҚ Кеден Одағы мен Біртұтас экономикалық кеңестікті Уағдаласушы Тараптардың қалыптастыру процесін тиімділікпен ілгерілету, сондай-ақ жоғарыда аталған Кеден одағы туралы келісімде, Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдеп туралы шартта және Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңестік туралы шартта белгіленетін басқа да мақсаттар мен міндеттерді осы аталған

құжаттарда белгіленетін кезеңдерге сәйкес іске асыру үшін құрылады.

Уағдаласуши Тараптардың бұрын өзара жасаған шарттары, сондай-ақ интеграцияны басқару органдарының шешімдері осы Шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданыста болуын жалғастырады.

3 - б а п

Органдар

Уағдаласуши Тараптардың бұрын құрған интеграцияны басқару органдарымен сабактастықты қамтамасыз ете отырып, осы Шарттың мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін ЕурАЗЭҚ шеңберінде:

Мемлекетаралық Кеңес (Мемаралықкеңес);

Интеграциялық комитет;

Парламентаралық Қауымдастық (ПАҚ);

Қоғамдастық Соты жұмыс істейтін болады.

Мемаралықкеңес 1996 жылғы 29 наурыздағы Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдеп туралы шартпен және 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық қеңістік туралы шартпен құрылған интеграциялық басқару органдарының қызметін тоқтату туралы шешімді қабылдайды.

4 - б а п

Төрағалық ету

Мемлекетаралық Кеңес пен Интеграциялық Комитетте төрағалық етуді орыс әліппесінің тәртібімен Қоғамдастыққа мүше әрбір мемлекет бір жыл бойы алма-кезек жүзеге асыратын болады.

Қоғамдастықтың басқа да органдарында төрағалық ету тәртібі тиісті ережелермен белгіленеді.

5 - б а п

Мемлекетаралық Кеңес

Мемлекетаралық Кеңес ЕурАЗЭҚ-тың жоғары органы болып табылады. Оның құрамына Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің басшылары және үкіметтерінің басшылары кіреді.

Мемаралықкеңес қатысушы мемлекеттердің елдің ортақ мұдделеріне байланысты Қоғамдастықтың қағидатты мәселелерін қарайды, интеграцияны дамытудың стратегиясын, бағыты мен келешегін белгілейді және ЕурАЗЭҚ-тың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған шешімдер қабылдайды.

Мемлекетаралық Кеңес Интеграциялық Комитетке тапсырмалар береді, Парламентаралық Қауымдастыққа сұрау салады және ұсыныстар жасайды, Қоғамдастық Сотына сұрау салады.

Мемаралықкеңес өзінің шешімдерімен Қоғамдастықтың қосымша органдарын құра алаады.

Мемаралықкеңес жылына кем дегенде бір рет мемлекет басшылары деңгейінде

және жылына кем дегенде екі рет үкімет басшылары деңгейінде бас қосады. Мәжіліс Мемаралықкеңесте төрағалық ететін Уағдаласуши Тарап өкілінің басшылығымен өткізіледі.

Мемаралықкеңес жұмысының функциялары мен тәртібі ЕурАЗЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің басшылары деңгейінде Мемаралықкеңес бекітетін Ережемен белгіленеді.

6 - б а п

Интеграциялық Комитет

Интеграциялық Комитет ЕурАЗЭҚ-тың тұрақты жұмыс істейтін органды болып табылады.

1. Интеграциялық Комитеттің негізгі міндеттері:

ЕурАЗЭҚ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

Мемаралықкеңес мәжілістерінің күн тәртібі және оларды өткізуудің деңгейі жөнінде ұсыныстар, сондай-ақ шешімдердің және құжаттардың жобаларын әзірлеу;

ЕурАЗЭҚ-тың бюджетін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оның орындалуына бақылау жасау;

Мемаралықкеңес қабылдаған шешімдерді іске асыруға бақылау жасау.

Интеграциялық Комитет өзінің міндеттерін орындау мақсатында:

Осы Шартта белгіленген, сондай-ақ оған Мемлекетаралық Кеңес берген өкілеттіктер шегінде шешімдер қабылдайды;

жыл сайын Қоғамдастықтағы істің жәй-күйі және оның мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың барысы туралы баяндаманы, өзінің қызметі туралы, сондай-ақ ЕурАЗЭҚ бюджетінің орындалуы туралы есепті Мемаралықкеңеске ұсынады;

Қоғамдастықтың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шараларды, оның ішінде тиісті шарттардың жасалуын әрі Уағдаласуши Тараптардың нақты мәселелер бойынша бірыңғай саясат жүргізуін қарайды және тиісті ұсыныстар әзірлейді;

Мемаралықкеңеске ұсыныстар жасауына, Парламентаралық Қауымдастыққа және Уағдаласуши Тараптар үкіметтеріне ұсыныстар айтып, сұрау салуына, Қоғамдастық Сотына сұрау салуына құқығы бар.

2. Интеграциялық Комитет құрамына Уағдаласуши Тараптар үкіметтері басшыларының орынбасарлары кіреді. Интеграциялық Комитеттің Төрағасы Мемаралықкеңестің мәжілістеріне қатысады.

Интеграциялық Комитеттің мәжілісі кем дегенде үш айда бір рет өткізіледі.

Интеграциялық Комитет мәжілістерінің арасындағы кезеңде Қоғамдастықтың ағымдағы жұмысын қатысушы мемлекеттер басшылары тағайындастын, ЕурАЗЭҚ жанындағы Уағдаласуши Тараптардың Тұрақты өкілдерінің (Тұрақөкілдер) комиссиясы қамтамасыз етеді.

3. Мемлекетаралық Кеңес пен Интеграциялық Комитеттің жұмысын ұйымдастыру және оларды ақпараттық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету Интеграциялық

Комитеттің Хатшылығына (Хатшылық) жүктеледі.

Хатшылықты Интеграциялық Комитеттің ұсынысы бойынша Мемлекетаралық Кеңес үш жыл мерзімге тағайындастырын Бас хатшы басқарады.

Бас хатшы Қоғамдастықтың жоғары әкімшілік лауазымды тұлғасы болып табылады және Мемлекетаралық Кеңес пен Интеграциялық Комитеттің мәжілістеріне қатысады.

Хатшылық Уағдаласуши Тараптардың Қоғамдастық бюджетіндегі үлестік жарналарының ескертуімен квоталық негізде мүше мемлекеттер азаматтарының қатарынан және келісім-шарт бойынша жұмысқа алынатын адамдардан қалыптасады.

Бас хатшы мен Хатшылық персоналы қызметтік міндеттемелерін орындау кезінде Қоғамдастық үшін бөгде болып табылатын қандай да болсын Уағдаласуши Тараптан немесе билік орнынан нұсқаулар сұрауға немесе алуға тиісті емес. ЕурАЗЭҚ алдындаған жауапты халықаралық лауазымды тұлғалар ретіндегі жағдайына ықпал етуі мүмкін кез келген іс-қимылдардан олар бас тартуы тиіс.

Уағдаласуши Тараптар Бас хатшы мен Хатшылық персоналының халықаралық сипаттағы міндеттемелерін құрмет тұтуға және олардың қызметтік міндеттемелері орындалуының кезінде оларға ықпал жасауға әрекеттенбеуге міндетті.

Интеграциялық Комитеттің функциялары мен жұмысының тәртібі Мемлекетаралық Кеңес бекітетін Ережеде белгіленеді.

7 - б а п

Парламентаралық Қауымдастық

Парламентаралық Қауымдастық Уағдаласуши Тараптардың ұлттық заңнамаларын үйлестіру (жақындастыру, бірегейлендіру) және оларды Қоғамдастық міндеттемелерін іске асыру мақсатында ЕурАЗЭҚ шенберінде жасасқан шарттарға сәйкес келтіру мәселелерін қарастыратын ЕурАЗЭҚ шенберіндегі парламенттік ынтымақтастық органды үлттық заңнамалардың болып табылады.

Парламентаралық Қауымдастық Уағдаласуши Тараптардың парламенттерінен жіберілетін парламентарийлерден құрылады.

Парламентаралық Қауымдастық өз өкілеттігінің шегінде:

- Мемаралықкеңестің қарауына жататын құқықтық қатынастардың негізгі салаларындағы заңнамалардың Негіздерін әзірлейді;

- олардың негізінде ұлттық заңнамалардың актілері әзірленетін үлгілі жобаларды қабылдайды;

- Мемаралықкеңеске ұсыныстармен, Интеграциялық комитетке және Уағдаласуши Тараптардың парламенттеріне сұрау салулармен және ұсыныстармен, Қоғамдастық Сотына сұрау салулармен шыға алады.

Мемлекетаралық Кеңес Парламентаралық Қауымдастық туралы ережені бекітеді.

8 - б а п

Қоғамдастық Соты

Қоғамдастық Соты Уағдаласуши Тараптардың осы Шартты және Қоғамдастық шенберінде қолданылып жүрген басқа да шарттарды, сондай-ақ ЕурАЗЭҚ органдары қабылдайтын шешімдерді бірыңгай қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қоғамдастық Соты ЕурАЗЭҚ органдарының шешімдерін және Қоғамдастық шенберінде қолданылып жүрген шарттардың ережелерін іске асыру мәселелері бойынша Уағдаласуши Тараптардың арасында туындайтын экономикалық сипаттағы дауларды да қарастырады, олар бойынша түсіндірулер, сондай-ақ қорытындылар береді

Қоғамдастық Соты әр Уағдаласуши Тараптың көп дегенде екі өкілінен тұратын Уағдаласуши Тараптардың өкілдерінен құрылады. Парламентаралық Қауымдастық судьяларды Мемлекетаралық Кеңестің ұсынуымен алты жыл мерзімге тағайындаиды.

Қоғамдастық Соты іс-әрекетінің ұйымдастырылуы мен тәртібі оның Мемаралықкеңеспен бекітілетін Статутында белгіленеді.

9 - б а п

Мүшелік

ЕурАЗЭҚ-қа мүшелікке қабылдау осы Шарттан және басқа да Мемлекетаралық Кеңестің шешімімен белгіленетін тізім бойынша Қоғамдастық шенберінде қолданылып жүрген шарттардан туындайтын міндеттемелерді өзіне алатын және ЕурАЗЭҚ мүшелерінің пікірінше, осы міндеттемелерді орында алатын және орындауға ниет білдірген барлық мемлекеттерге ашық.

Кез келген Уағдаласуши Тарап ЕурАЗЭҚ-тың құрамынан Қоғамдастықтың және оның мүшелерінің алдында өзінің міндеттемелерін алдын-ала реттей отырып және Интеграциялық Комитетке осы Шарттан шығу туралы ресми хабарламаны шығу күнінен кемінде он екі ай бұрын жібере отырып, шығуға құқылы. Егер хабарлама Қоғамдастықтың келесі бюджеттік жылға арналған бюджеттің қабылдаудан бұрын жіберілсе, мүшелікті тоқтату ағымдағы бюджет жылында жүзеге асады. Егер хабарлама Қоғамдастықтың келесі бюджеттік жылға арналған бюджеттің қабылдаудан кейін жіберілсе, онда мүшелікті тоқтату келесі бюджет жылында жүзеге асады.

Осы Шарттың және/немесе Қоғамдастық шенберінде қолданылып жүрген шарттардың ережелерін өрескел бұзып отырған Уағдаласуши Тараптың ЕурАЗЭҚ органдарының жұмысына қатысуы Мемаралықкеңестің шешімімен тоқтатылуы мүмкін . Егер бұл Уағдаласуши Тарап өзінің міндеттемелерін бұзуды жалғастырып отырса, Мемаралықкеңес өзі белгілейтін күннен бастан оны Қоғамдастықтан шығару туралы шешім қабылдай алады.

1 0 - б а п

Байқаушылар

ЕурАЗЭҚ жанындағы байқаушының мәртебесі кез келген мемлекетке немесе халықаралық мемлекетаралық (үкіметаралық) ұйымға тиісті өтініші түскен жағдайда б е р і л у і м ү м к і н .

Байқауышының мәртебесін беру, тоқтату немесе жою туралы шешімді Мемлекетаралық Кенес қабылдайды.

1 1 - б а п

Құқық қабілеттілігі

ЕурАЗЭҚ әр Уағдаласуши Тараптың аумағында өзінің мақсаттары мен міндеттерін орындауға қажетті құқық қабілеттілігін пайдаланады.

ЕурАЗЭҚ мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастар орната және олармен шарттар жасаса алады.

ЕурАЗЭҚ заңды тұлға және өз мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін, атап айтқанда :

- шарттар жасасу;
- мұлік сатып алу және оған билік ету;
- сотта сез сөйлеу;

- шоттар ашу және валютамен, құнды қағаздармен операциялар жүргізу құқықтарын пайдаланады.

1 2 - б а п

Органдардың тұрғылықты жері

Интеграциялық Комитеттің тұрғылықты жері Алматы қаласы (Қазақстан Республикасы) және Мәскеу қаласы (Ресей Федерациясы) болып табылады.

Парламентаралық Қауымдастықтың тұрғылықты жері Санкт-Петербург қаласы (Ресей Федерациясы) болып табылады.

Қоғамдастық Сотының тұрғылықты жері Минск қаласы (Беларусь Республикасы) болып табылады.

Мемлекетаралық Кеңестің шешімі бойынша Қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде Интеграциялық Комитеттің өкілдіктері ашылуы мүмкін.

1 3 - б а п

Шешімді қабылдаудың тәртібі

Мемлекетаралық Кенес "мүдделі Уағдаласуши Тараптың дауысын алып тастағандығы мәміле" қағидаты бойынша қабылданатын мүшелікті тоқтату туралы немесе Қауымдастықтан шығару туралы шешімдерді қоспағанда, барлық шешімдерді мәмілен қабылдаудың тәртібі

Интеграциялық Комитетте шешімдер 2/3 көпшілік дауыспен қабылданады. Егер шешімдерді қабылдауға Уағдаласуши Тараптардың төртеуі дауыс берсе, бірақ сонымен бірге ол 2/3 көпшілік дауысты жинамаған жағдайда мәселе Мемаралықкеңестің қарауына жіберіледі. Әрбір Уағдаласуши Тараптар дауыстарының саны оның Қоғамдастық бюджетіндегі жарнасына сәйкес келеді және:

- | | | | |
|------------------------|---|----|----------|
| Беларусь Республикасы | - | 20 | дауысты; |
| Қазақстан Республикасы | - | 20 | дауысты; |
| Қырғыз Республикасы | - | 10 | дауысты; |

Тәжік Республикасы - 10 дауысты құрайды.

1 4 - б а п

Шешімнің орындалуы

ЕурАЗЭҚ органдарының шешімдерін Уағдаласуши Тараптар ұлттық заңнамаларға сәйкес қажетті ұлттық нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы орындаиды.

Осы Шартты, Қоғамдастық шенберінде қолданылып жүрген басқа да шарттарды және ЕурАЗЭҚ органдарының шешімдерін іске асыру бойынша Уағдаласуши Тараптардың міндеттемелерінің орындалуына бақылау жасауды Қоғамдастықтың органдары өздерінің құзыреттері шегінде жүзеге асырады.

1 5 - б а п

Қаржыландыру

ЕурАЗЭҚ органдарының қызметін қаржыландыру Қоғамдастықтың бюджеті есебінен жүзеге асырылады.

Интеграциялық Комитет мүше мемлекеттердің келісімі бойынша әрбір бюджеттік жылға Қоғамдастықтың бюджетін жасайды және оны Мемаралықкеңес бекітеді.

Қоғамдастықтың бюджетіндегі тапшылық болуы мүмкін емес.

Қоғамдастықтың бюджеті Тараптардың үлестік жарналары есебінен мынадай шәкілге сәйкес құрылады:

Беларусь	Республикасы	-	20	%;
Қазақстан	Республикасы	-	20	%;
Қыргыз	Республикасы	-	10	%;
Ресей	Федерациясы	-	40	%;
Тәжік	Республикасы	-	10	%.

Қоғамдастық бюджетіндегі қаржаты:

ЕурАЗЭҚ органдарының қызметін қаржыландыруға;

Қоғамдастық шенберінде өтетін Уағдаласуши Тараптардың бірлескен іс-шараларын қаржыландыруға;

осы Шарттың ережелеріне қайшы келмейтін басқа да мақсаттарға бағытталады.

Егер Уағдаласуши Тараптардың біреуінің ЕурАЗЭҚ бюджетінің алдындағы қарызы оның жылдық үлестік жарнасының баламалық сомасынан асқан жағдайда ол қарызын толықтай өтегенге дейін Қоғамдастық органдарында дауыс беру құқынан айырылады. Оның тиістілігіндегі дауыс қалған Уағдаласуши Тараптар арасында олардың Қауымдастық бюджетіндегі жарналарына тепе-тең бөлінеді.

1 6 - б а п

Артықшылықтар мен иммунитеттер

Қоғамдастық пен оның лауазымды тұлғалары осы Шартта және ЕурАЗЭҚ шенберінде қолданылып жүрген шарттарда көзделген функцияларды орындау және мақсаттарға жету үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

Қоғамдастық пен оның лауазымды тұлғаларының, Интеграциялық Комитеттің Хатшылығы мен Өкілдіктерінің, сондай-ақ Қоғамдастық жаңындағы Уағдаласушы Тараптардың Тұрақты Өкілдіктерінің персоналдарының артықшылықтары мен иммунитеттерінің көлемі жекелеген құжаттармен анықталады.

1 7 - б а п

Жұмыс тілі

ЕурАЗЭҚ-тың жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

1 8 - б а п

Колданыста болу мерзімі және күшіне енуі

Осы Шарт белгісіз мерзімге жасалады.

Осы Шарт Уағдаласушы Тараптардың бекітуіне жатады және депозитарийі болып табылатын Интеграциялық Комитетке оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік ресімдердің орындалуы туралы соңғы хабарламаны берген күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптар қажет болған жағдайда өздерінің ұлттық заңнамаларын осы Шарттың ережелеріне сәйкес келтіреді.

1 9 - б а п

Өзгерістер мен толықтырулар

Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, оларды Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен ресімдейді.

2 0 - б а п

Тіркеу

Осы Шарт БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелуге жатады.

Астана қаласында 2000 жылғы " " қазанда беларусь, қазақ, қыргыз, орыс және тәжік тілдерінде бір дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Шарттың мәтіні бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Шарттың түпнұсқалық данасы оның куәландырылған көшірмесін әрбір Уағдаласушы Тарапқа жіберетін Интеграциялық Комитетте сақталады.

Беларусь Қазақстан Қыргыз Ресей Тәжікстан
Республикасы Республикасы Республикасы Федерациясы Республикасы
үшін үшін үшін үшін үшін